



"Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы" ережеге өзгерістер енгізу жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 1997 жылғы 27 қарашадағы N 405. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 65. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 (V043034) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен бекітілген "Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы" ережеге өзгерістер бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Өртембаев А.Қ.) осы Қаулыны және "Екінші деңгейдегі банктердің банктің тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық бөлімдері туралы" ережеге өзгерістерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркесін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.Қ.) осы Қаулыны және жоғарыда аталған өзгерістерді Қазақстан Республикасының облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына (филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 7 қ а р а ш а N 4 0 5 қ а у л ы с ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 29 тамыздағы N 311 қаулысымен
бекітілген "Екінші деңгейдегі банктердің банктің**

**тұрған жерінен тыс жерлердегі есеп айырысу-кассалық
бөлімдері туралы ережеге"**
ӨЗГЕРІСТЕР

1. 11-тармақтың бесінші азатжолындағы "операциялық күннің" деген сөз " есеп беріліп отырған айдың" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 13-тармақтың бесінші азатжолындағы "операциялық күннің" деген сөз " есеп беріліп отырған айдың" деген сөздермен ауыстырылсын.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК